

Шағын өлшемді кемелерді тіркеу тәртібі туралы Нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің бұйрығымен Бекітілген 1998 жылғы 10 тамыз N 172. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 1 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 592. Тіркеу N 561. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 14 наурыздағы N 99-І бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шағын өлшемді кемелер жөніндегі инспекциясының міндеттері мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясына тапсыруын қарастыратын "Қазақстан Республикасының Шағын өлшемді кемелері жөніндегі мемлекеттік инспекцияның мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10.02. N 88 Қаулысының негізінде

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы су қоймаларында, ішкі теңіз және аумақтық суларда шағын өлшемді кемелердің жүзу қауіпсіздігін белгілейтін мына ережелер мен нұсқаулықтар бекітілсін:

- шағын өлшемді кемелерді, олардың тұрағы үшін базаларды (құрылыстарды) тіркеу, есепке алу мен техникалық қадағалау және кеме жүргізушілерді шағын өлшемді кемелерді жүргізу құқығына аттестаттау Ережелері;

- шағын өлшемді кемелерді, олардың тұрағы үшін базаларды (құрылыстарды) п а й д а л а н у

Е р е ж е л е р і ;

- шағын өлшемді кемелерді тіркеу тәртібі туралы нұсқаулық;

- техникалық қадағалау бойынша нұсқаулық;

- Қазақстан Республикасы Көлік инспекциясының қадағалауындағы шағын өлшемді кемелердің, олардың база-тұрақтарының, өткелдердің күйін бағалау б о й ы н ш а

н ұ с қ а у л ы қ ;

- Қазақстан Республикасы Көлік инспекциясының қадағалауындағы шағын өлшемді кемелермен апаттық оқиғаларды есепке алу бойынша нұсқаулық;

- кеме жүргізушілерді шағын өлшемді кемелерді жүргізу құқығына аттестаттау б о й ы н ш а

н ұ с қ а у л ы қ ;

- Қазақстан Республикасы Көлік инспекциясының кемелерін пайдалану б о й ы н ш а

н ұ с қ а у л ы қ ;

- шағын өлшемді кемелерді жүргізушілерді әзірлеу бойынша курстарды тіркеу және кемелер жүргізушілерді оқытуда бақылау-әдістемелік қадағалауды жү р г і з у б о й ы н ш а

н ұ с қ а у л ы қ .

Көлік инспекциясы (С.Ш. Есенов) және заңгерлік жұмыс бөлімі (О.Е. Ахметжанов) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу үшін нормативтік құқықтық актілерді белгіленген тәртіпте ұсынсын.

Министрдің м.а .

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Көлік инспекциясы тіркеу құжаттарын тіркеуді және толтыруды жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Мемлекеттік инспекцияның қызметкерлері тіркеуді жүзеге асырғанда ҚР Көлік инспекциясының қадағалауындағы кемелерді, олардың тұрағы үшін базаларды (құрылыстарды) тіркеу, есепке алу және техникалық қадағалау және кеме жүргізушілерді осы кемелерді жүргізу құқығына аттестаттау ережелерін (бұдан әрі - Тіркеу ережелерін) және осы Нұсқаулықты басшылық етуі тиіс.

3. Кемені тіркеу кезінде борттық нөмір беріледі және кеме иесіне кеме билеті б е р і л е д і .

Борттық нөмір орыс алфавитінің үш әрібінен және төрт цифрдан құралады.

Цифрлар кемені тіркеу кітабындағы реттік нөмірге сәйкес.

Облыстардың көлік инспекциялары шағын өлшемді кемелерде борттық нөмірлерді мынадай орнатады:

1. Ақмола облысы	КАМ	0001-ден	9999 дейін
2. Ақтөбе облысы	КАК	0001-ден	9999 дейін
3. Алматы облысы	КАЛ	0001-ден	9999 дейін
4. Атырау облысы	КАТ	0001-ден	9999 дейін
5. Шығыс-Қазақстан облысы	КВК	0001-ден	9999 дейін
6. Жамбыл облысы	КДЖ	0001-ден	9999 дейін
7. Қарағанды облысы	ККР	0001-ден	9999 дейін
8. Қызылорда облысы	ККО	0001-ден	9999 дейін
9. Қостанай облысы	ККУ	0001-ден	9999 дейін
10. Маңғыстау облысы	КМН	0001-ден	9999 дейін
11. Павлодар облысы	КПВ	0001-ден	9999 дейін
12. Солтүстік-Қазақстан облысы	КСК	0001-ден	9999 дейін
13. Батыс-Қазақстан облысы	КУР	0001-ден	9999 дейін
14. Оңтүстік-Қазақстан облысы	КЧМ	0001-ден	9999 дейін

Шектелген акваторияда пайдаланылатын жалға берілетін ескіш және желкенді қайықтарға бір әріптен тұратын литер және әрбір жалға беру пунктінде жеке есеп нөміріне сәйкес реттік нөмір беріледі. Осымен қатар жалға берілетін жүзу құралдарына, ведомоствоға қарамастан, "П" әрпі беріледі.

Аңшылар және балықшылар қоғамы үшін "Р" әрпі беріледі. Тіркеу жеке ж у р н а л д а жү р г і з і л е д і .

4. Екі немесе одан көп иелердің меншігіндегі шағын өлшемді кемелер олардың келісуі бойынша тек қана бір иесіне тіркеледі, ескіш кемені

жүргізушінің ескертулер талоны әрбір бірге иеленушіге жеке ресімделеді.

5. Жеке өзі құрған кемелерді тіркеу алғашқы куәландырылғаннан кейін жоба-техникалық құжаттаманың негізінде жүргізіледі.

6. Жоғалып немесе бүлініп қалған кеме билетін қалпына келтіру кезінде Тіркеу ережелерін басшылық ету керек.

7. Кеме иесінің арызы-тіркеу карточкасы, кеме билеті және кеме кітабы белгіленген нысандар бойынша жүргізіледі. Осымен қатар: кемеңің үлгісі, санаты, жүзу жағдайы, жүк көтергіштігі, жолаушы сыйымдылығы, қозғалтқыштың рұқсат етілетін қуаты техникалық қадағалау бойынша нұсқаулық талаптарына сәйкес көрсетіледі.

Көрсетілген берілгендер барлық жағдайларда жасаушы зауытпен берілген кемеңің төлқұжатында жазылған берілгендерден аспауы тиіс.

Жеке өзі құрған кемелер үшін жүк көтергіштігі, жолаушы сыйымдылығы, қозғалтқыштың шекті қуаты және т.с. Қазақстан Республикасы Көлік инспекциясының қадағалауындағы шағын өлшемді кемелердің, олардың база-тұрақтарының, өткелдердің техникалық күйін бағалау бойынша нұсқаулықта мазмұндалған әдістеме бойынша есептелінеді.

Кемеңің тағайындалуы зауыт-жасаушымен берілген кемеңің төлқұжатында жазылғандай көрсетіледі, сонымен қатар шағын өлшемді моторлы кемелер м ы н а л а р ғ а б ө л і н е д і :

- серуендік - серуен, туризм, аң балық аулау үшін;
- қызметтік-қыдырулық - қызметтік тұлғаларды немесе жүктерді (мысалы, бапкерлік) т а с ы м а л д а у ү ш і н ;
- мамандандырылған - техникалық мақсаттар үшін арнайы жабдықталған.

Өз бетімен жүзбейтін кемелер тағайындауы бойынша көліктікке (баржалар) және тұрақтыққа (деборкадерлер) бөлінеді.

Экипаждың ең аз құрамы кемеңі жүргізу (қозғалтқыштың және рөлдің қашықтық басқаруының болуы, желкендік құралдарға қызмет көрсету) мүмкіншілігіне байланысты анықталады.

Желкендердің рұқсатты ауданы кеме төлқұжаты бойынша көрсетіледі, немесе Қазақстан Республикасы Көлік инспекциясының қадағалауындағы шағын өлшемді кемелердің, олардың база-тұрақтарының, өткелдердің техникалық күйін бағалау бойынша нұсқаулықта мазмұндалған әдістеме бойынша есептелінеді.

Кеме билетінің және кеме кітабының қалған бағандары стационарлық және тасымалды жабдықтармен жабдықтау нормаларына сәйкес іс жүзінде бармен т о л т ы р ы л а д ы .

8. Тіркеу ережелерімен белгіленген кемелердің қадағалану шегін анықтау кезінде, ол қандай материалдан жасалғанына карамастан, жолаушы

сыйымдылығы бір адамға тең кеме Қазақстан Республикасы Көлік инспекциясының қадағалауында.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК